

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Шәймен Дәуіржан Ғаниұлы

«Тантал және ниобийдің тауарлық қосылыстарын алу»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

5B070900 – Металлургия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.,

М.Б. Барменшинова

«16» 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Тантал және ниобийдің тауарлық қосылыстарын алу»

5B070900 – Металлургия

Орындаған

Шәймен Дәуіржан Ғаниұлы

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., сениор-лектор

Г.Ж. Молдабаева

«16» 05 2019 ж.

Алматы 2019


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – Металлургия



Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Шәймен Дәуіржан Ғаниұлы

Тақырыбы: «Тантал және ниобийдің тауарлық қосылыстарын алу»

Университет Ректорының 2018 жылғы «08» қазандағы № 1113-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «15» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Цехтің Nb_2O_5 бойынша жылдық өнімділігі, тантал-ниобийлі шикізаттың химиялық және рационалдық құрамы, дайын өнім, негізгі және қосымша материалдардың бағасы.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Өндірістің технологиялық үдірістері мен шешімдері;

б) Технологиялық процестің есептеулері;

в) Экономика бөлімі;

г) Еңбек қорғау бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
ниобийдің техникалық сулы тотығынан Nb_2O_5 және K_2TaF_7 алудың технологиялық сұлбасы; араластырғыш-реактор; экстрактор; Nb_2O_5 және K_2TaF_7 алу цехының жоспары мен қимасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 13 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	11.03.2019 ж.	
Әдеби шолу	25.03.2019 ж.	
Металлургиялық есептеулер	08.04.2019 ж.	
Экономикалық бөлім	15.04.2019 ж.	
Қорытынды	22.04.2019 ж.	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономикалық бөлім	Г.Ж.Молдабаева техн. ғыл. канд., сениор-лектор	16.05.19 ж.	Г.Ж.М.
Еңбек қорғау бөлімі	Г.Ж.Молдабаева техн. ғыл. канд., сениор-лектор	16.05.19 ж.	Г.Ж.М.
Норма бақылау	А.Н.Таймасова техн. ғыл. магистрі	16.05.19	А.Н.Т.

Ғылыми жетекші Г.Ж.М. Г.Ж.Молдабаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы Шаймен Д.Ф. Шаймен

Күні

« 14 » 07 2019 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада ниобийдің техникалық сулы тотығынан таза тауарлық тантал және ниобийдің қосылыстарын алу процесі қарастырылған. Тантал-ниобийлі шикізатты өңдеудің негізгі әдістері келтірілген. Осы келтірілген әдістер негізінде таңдалған технологиялық сызбанұсқаның дәлелденуі берілген.

Технологиялық көрсеткіштердің металлургиялық есептеулері, сонымен қатар негізгі және көмекші жабдықтардың конструктивті есептері орындалған.

Қоршаған ортаны және еңбекті қорғау іс-шаралары анықталған. Ниобий тотығы мен калий фтортанталаты өндірісінің өзіндік құны, пайдасы, рентабельділігі бойынша экономикалық есептеулері орындалды.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассмотрен процесс получения чистых товарных соединений тантала и ниобия из технического гидроксида ниобия. Приведены основные способы переработки тантал-ниобиевого сырья. На основе обзора существующих способов дано обоснование технологической схемы.

Выполнены металлургические расчеты технологических показателей, конструктивные расчеты основного и вспомогательного оборудования.

Определены мероприятия по охране труда и окружающей среды. Выполнены экономические расчеты себестоимости, прибыли и рентабельности производства оксида ниобия и фтортанталата калия.

ANNOTATION

The process of making unmixed and pure materials of tantalum and niobium compounds from commercial hydroxide niobium is considered in this graduation thesis. The basic methods of tantalum-niobium material processing have been detailed. A confirmation of flow diagram is given, based on a review of existing methods.

The calculations of production data, design data of basic and contributory equipments are also performed.

A labor protection and environment protection activities are determined.

Economics cost estimations, production profitability of niobium oxide and tantalum fluoride have been calculated too.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1 Жалпы түсіндірмелік жазба	10
1.1 Тантал-ниобийлі шикізатты өңдеудің әдістерін шолу	10
1.1.1 Тантал мен ниобийдің физика-химиялық қасиеттері	10
1.1.2 Тантал мен ниобийдің концентраттарын өңдеу тәсілдері	15
1.1.2.1 Танталит пен колумбит концентраттарын натрий сілтісінде өңдеу	15
1.1.2.2 Танталит пен колумбит концентраттарын фторсутек қышқылында еріту	17
1.1.2.3 Лопарит концентратын күкірт қышқылында өңдеу	18
1.2 Үлбі металлургиялық зауытының жұмысын сараптау	22
1.2.1 Өнеркәсіптің қысқаша сипаттамасы	22
1.2.2 Шикізат базасы	22
1.2.3 Тантал-ниобийлі концентратты өңдеуді таңдалған технологиялық схемасын негіздеп баяндау	25
2 Бас жоспар, көлік және жоба бойынша құрылыс шешімдері	27
2.1 Құрылыс ауданының қысқаша сипаттамасы	27
2.2 Құрылыс алаңын таңдау	27
2.3 Жергілікті аймақтың, топырақтың және климат мәліметтерінің сипаттамасы	27
2.4 Көлік	28
2.5 Бұзылған жерлерді рекультивациялау	28
2.6 Құрылыс шешімдері	28
3 Технологиялық бөлім	30
3.1 Металлургиялық есептеу	30
3.1.1 Техникалық гидрототықты K^+ , Na^+ , Cl^+ иондарынан тазарту	31
3.1.2 Шаятын суды тазарту	34
3.1.3 Пульпаның HF-та еруі	38
3.1.4 Nb және Ta бірлескен экстракциясы. Nb және Ta реэкстракциясы	41
3.1.4.1 Реагенттерді дайындау есебі	46
3.1.5 Ниобий гидрототығының тұнбасы	51
3.1.5.1 Nb_2O_5 кептіру, қыздыру және ұсақтау	53
3.1.6 Калий фтортанталатын алу	54
3.1.6.1 Бас ерітіндіні қайта өңдеу	56
3.1.7 Реагенттердің қажетті мөлшерін есептеу	58
3.2 Негізгі жабдықты таңдау және есептеу	60
3.2.1 Ыдырату үшін реакторларды таңдау	60
3.2.2 Ыдырату реакторлары жұмысының жылу балансы	61
3.2.3 Экстракционды шекті есептеу	65
3.2.4 Араластырғыш – тұндырғыш типті экстрактор есептеуі	66
4 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	70
4.1 Ұйымдық- құқықтық аспектілері	70
4.2 Өндірістік қауіпті және зиянды факторларды талдау	70

4.3 Өндірістік жарақат, кәсіби аурулар және алдын алу шаралары	71
4.4 Өндірістік санитария	72
4.4.1 Өрт қауіпсіздігі	72
4.4.2 Электрқауіпсіздігі	73
5 Экономикалық бөлім	74
5.1 Ниобий тотығы мен калийдің фторанталатының өзіндік құнының калькуляциясы	74
Қорытынды	76
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	77

КІРІСПЕ

Ниобий элементін 1801 жылы ағылшын химигі Гатчет ашқан. Ол ниобийді Колумбия жерінде тапқан, сондықтан оны колумбит деп атаған. Ал 1802 жылы Шведтің химигі Экеберг Финляндия мен Швецияда табылған екі минералда танталдың бар екенін анықтаған. Бұл екі металдың химиялық қасиеттері бір-біріне өте жақын болғандықтан көпке дейін зерттеушілер бұларды ажырата алмай бір металл деп келген. Немістің химигі Розе 1844 жылы Колумбит минералы екі элементтен, яғни ниобий мен танталдан тұратындығын дәлелдеген. 1865 жылы Швейцарияның химигі Мариньяк ниобий мен танталды бір-бірінен бөліп алатын тәсілді тапты. Тантал мен ниобий таза түрінде 1903 және 1907 жылдары алына бастады. Өнеркәсіпте танталды 1922 жылы, ниобийді 1938-шы жылдық соңында өндіре бастады.

Сирек кездесетін металлдар өндірістік қолданысқа ие болды және барлық үдемелі масштабта және оларды өндіруге техникалық мүмкіндік беретін жаңа техниканың дамуына байланысты соңғы он жылдықта айтарлықтай мөлшерде өндіріле бастады.

Электронды өнеркәсіптің дамуы, зымыран және авиатехника, атомдық энергетика көп мөлшерде Nb және Ta сияқты легірлеуші металлдарды қажет етті. Оларды таза күйінде де қолдану өрістеді. Ниобий мен танталдың қолдану аумағы әр түрлі, бұлар химиялық машина жасау, атомдық энергетика, қыздыруға төзімді және қатты құймалар, болат өндірісі.

Ұсынылған жобада кейбір операцияларда суды қайта қолдану және ниобий мен тантал өндірісінде аз қалдықты технологияны қолданумен байланысты экономикалық сипаттағы кейбір сұрақтарды шешу туралы кадамдар жасалды.

1 Жалпы түсіндірмелік жазба

1.1 Тантал-ниобийлі шикізатты өндеудің әдістерін шолу

1.1.1 Тантал мен ниобийдің физика-химиялық қасиеттері

Тантал мен ниобий Д. И. Менделеевтің периодтық системасының V-ші кестесінің қосымша группасына жатады. Бұл екі металдың химиялық және физикалық қасиеттері бір-біріне өте ұқсас, сол үшін оларды бірге қарауға болады. Металдардың түстері сұр, өздері жұмсақ болып келеді. Сондықтан оларды кәдімгі жағдайда өндеуге [соғуға, созуға] болады. Қалыпты жағдайда тантал мен ниобий ауамен тотықпайды [1]. Тотығу процесі 200-300 °С-тан басталып 500 °С-та металдардың оксидтеріне өтеді. Басқа металдарға карағанда тантал мен ниобийдің ерекшелігі, олар оттегін, азотты және сутегін өзіне сіңіріп, электр және механикалық қасиеттерін өзгертеді. Ниобий мен тантал сутегімен 360-500 °С-та, азотпен 600 °С-та, көміртегімен және оның газ тәрізді қосылыстарымен 1200°С-та әрекеттесіп осы металдардың гидридтерін, нитридтерін және карбидтерін түзеді. Нитридтері мен карбидтері өте жоғары температурада балқиды (2800 °С-3500 °С), сондықтан олар жоғары температураға төзімді материалдар ретінде қолданылады. Тантал мен ниобий барлық минералдық – тұз, азот, күкірт және фосфор қышқылдарында ерімейді, олар тек фторсутек қышқылында және оның азот қышқылы мен қоспасында, сонымен қатар сілтілік ерітіндіде жақсы ериді.

Сыртқы сипаты бойынша бұл металдар платина тәрізді. Ниобийдің тығыздығы - 8,57; $t_{\text{балқу}} - 2470$ °С; $t_{\text{қайнау}} - 4760$ °С.

Танталдың тығыздығы - 16,6; $t_{\text{балқу}} - 3000$ °С; $t_{\text{қайнау}} - 5500$ °С. Ниобийдің атомының радиусы - 1,46 А, ионының радиусы - 0,69 А, танталдікі - 0,67 А. Бұл металдардың ескерерлік қасиеті – ол қышқылдарға химиялық, тұрақтылығы. Металл күйінде ниобий мен тантал суда, тұз қышқылында, азот қышқылында, патша қышқылында ерімейді, тек HF-да, HF⁺ HNO₃-да, сілтілердің балқымасында ериді.

Ниобий және тантал - периодтық, жүйенің бесінші тобының d-элементі және 4-ші класқа жатады. Олар бір-бірімен қасиеттері жағынан өте ұқсас, табиғаттағы қосылыстарында бірге кездеседі.


Ниобий және танталдың қасиеттерінің ұқсастығы электрондық құрылысының жақындығына негізделген, ниобий [Kr] 4d²5s², тантал [Xe] 4f¹⁴5d². Бұл элементтердің атомдары мен иондарының радиустары іс жүзінде бірдей.

Ниобий және тантал өзінің қосылыстарында бес валентті және ванадийдің аналогі [Ar] 3d³4s², бірақта ванадийден ниобийдің ерекшелігі - ниобий төменгі валенттілігіне дейін қиын тотықсызданады, ал танталдың валенттігі бестен төмен болғанда мүлде белгісіз.



Тантал кез-келген қышқыл концентрацияларына суық күйінде де және 100-150 °С температурада да қарсы тұра алады.

Танталдың басқа металдармен әрекеттескенде жоғарғы бетінде оксидті қабат түзеді.



Ниобий және тантал жоғары оксидтер түзеді, жалпы формуласы Me_2O_5 . Бұл оксидтерді ниобий және тантал қышқылдарын немесе танталдың және ниобийдің пирогаллол, таннин және басқа да органикалық заттардың қосылыстарымен балқытып алады:





Оксидтер – ақ, қиын балқытын ұнтақ. Күйдіргенде ниобий оксиді сарғаяды, суытқанда қайтадан ағарады. Ниобий мен танталдың оксидтері суда, минералды қышқылдарда (фторсутек қышқылынан басқасында) ерімейді. Онда олар еріп тұрақты комплексті қосылыс $H_2(MeF_7)$ немесе $H(MeF_5)$ түзеді:



Оксидтер аммоний сульфаты мен күкірт қышқылының қоспасында, балқытылған калий бисульфатында, балқытылған сілтілік металдардың гидроксидтері мен карбонаттарында еріп ниобий және тантал қышқылдардың тұздарын - ниобаттар мен танталаттар түзеді:



Сілтілік металдардың танталаттары мен ниобаттарын сірке немесе минералды қышқылдармен қышқылдандырса ақ үлпілдеген ниобий және тантал қышқылдарының тұнбасын түзеді:



Ниобий мен танталдың негіздік тұздары суда ериді, мұнда калий тұзының ерігіштігі натрий тұзының ерігіштігінен артық. Калий ниобатының жоғары ерігіштігі (155 мг/л) іс жүзінде оның қосылыстарын алуға және оны танталдан (13,1 мг/л) бөліп алуда қолданылады. Бұл тұздар бос негіздің артық мөлшері болғанда ғана судағы ерітіндісінде тұрақты, егер негіздің артық мөлшері болмаса онда, ол қайтымсыз гидролизденіп, ниобий және тантал қышқылдарын тұнбаға түсіреді:




Ниобий мен танталға комплекеті қосылыстар тән [2]. Органикалық қышқылдармен (шарап, лимон, қымыздық және т.б.) комплекеті қосылыстардың көмегімен тантал және ниобий ерітіндіде тұрақталады. Аналитикалық химияда ниобий мен танталға осы комплекеті қосылыстар кеңінен қолданылады. Жоғарыда еске алған ниобий мен танталдың фторидті комплекетері мыналар: $H_2(MeF_7)$ немесе $H(MeF_5)$. Бұл қосылыстардың жақсы ерігіштігі ниобий мен танталды қиын еритін фторидтер түзетін элементтерден — лантаноидтар, торий, кальций, стронций, корғасын, ураннан (IV) болат алуға қолданылады. Аналитикалық химияда құрамы $H[NbO(CNS)_4]$ ниобий роданидті комплекетінің маңызы зор.

Ниобийдің сандық және сапалық анализі үшін оның тиоцианатпен және N-гидрокси-N, N'-дифенилбензалидинмен, сульфохлорфенолмен, метотримепразинмен т.б. комплекеті қосылыстары қолданылады. Танталды табу үшін оның мепазингидрохлоридпен комплекеті қосылысы қолданылады.

Реакциялар сілтілік ниобаттар мен танталаттар ерітіндісімен, ниобий мен танталдың шарап және қымыздық қышқылдың комплекеті қосылыстарымен, сондай-ақ олардың фторид қосылыстарымен орындалады.

Сілтілік ниобаттар мен танталаттарды даярлау. Платина табақшаға ниобий мен танталдың жоғары оксидін (0,1 г) калий карбонатымен (1 г) балқытады. Балқыманы 1 н 5 мл күйдіргіш калийде ерітеді. Қажеттілігіне қарай ерітіндіні сүзеді.

Минералды қышқылдар, сондай-ақ сірке қышқылы. Сілтілік металдардың ниобаттары мен танталаттарының ерітіндісіне әсер еткенде ниобий және тантал қышқылдары үлпілдеген ақ тұнба түрінде тұндырылады. Бұл қышқылдарды белгілі бір формуламен белгілеуге болмайды, себебі олардағы судың мөлшері үнемі өзгеріп отырады. Бұл тұнбалардың құрамы мына формулаға сәйкес келеді $Me_2O_5 \cdot nH_2O$ (мұндағы Me-ниобий немесе тантал):



Ниобий және тантал қышқылдарының әлсіз болатындығы соншама сілтілік металдардың ниобаттары мен танталаттарының ерітіндісінде әлсіз қышқыл көмір қышқылымен әсер еткенде де тұнба түзіледі. Ниобат және танталаттар ерітіндісіне күшті қышқылдармен әсер еткенде ниобий және тантал қышқылдары тұнбаға тез түседі. Ниобий және тантал қышқылдары фторсутек және фосфор қышқылында ериді. Ниобий қышқылының фосфор қышқылды ерітіндісінде боялған себебі - ниобий төменгі тотығына дейін тотықсызданады, ал тантал қышқылының ерітіндісі тотықсызданбайды.

Ниобий және тантал қышқылдарының шарап қышқылымен комплекеті қосылыстары судағы ерітіндіде тұрақты. Шарап қышқылды ерітіндіден аммиак ниобий және тантал қышқылдарын тұнбаға түсіре алмайды. Осындай ерітіндіге азот немесе тұз қышқылдарының артық мөлшерін қосқанда және қайнатқанда ниобий және тантал қышқылдарының тұнбасы түзіледі. Бұл спецификалық

реакция "шарап қышқылды гидролиз" деп аталады, іс жүзінде анализ үшін маңызы зор.

Титан және цирконий тұздарының мөлшері көп болса, "шарап қышқылды гидролиз" ниобий және тантал қышқылдарын жартылай ғана тұндырады. Титан мен цирконий ерітіндіде ниобий мен танталдың белгілі бір мөлшерін ұстап қалады және тұнбамен қоса өздері де бөлінеді. Ниобийдің және танталдың ерітінділерін қышқылдатқанда олармен қоса вольфрам қышқылы да тұнбаға түседі.

Оксалатты комплекстері де тұрақты. Осы ерітіндіден аммиак ниобий және тантал қышқылдарын толық тұндырады, минералды қышқылдар әсерінен тұнба аздап қана түседі Ниобий және тантал қышқылдары күкірт қышқылында аздап ериді де тұрақсыз комплексті қосылыс түзеді.

Ниобий және тантал қышқылдарының адсорбциялы комплексті қосылыстарына таннинмен әсер етсе ниобий мен танталдың қымыздық немесе шарап қышқылды комплексті қосылыстарына таннин мен әсер еткендегідей болады. Осыдан танталдың тұнбасы сары күкірт түстес, ниобийдің тұнбасы оған қарағанда көлемдірек және оның түсі қызғылт болады.

Тантал мен ниобий бірге болғанда алдымен танталдың комплексті қосылысы тұнбаға түседі, себебі ниобийге қарағанда тантал таннинмен анағұрлым жеңіл тұнбаға түседі [3]. Ниобий мен тантал бірге болғанда реакция келесідей орындалады.

В.Шеллер, танниннің тұндыру әсерінен әр түрлі иондарға қатысын зерттей келе келесідей қорытындыға келді:

- қымыздық қышқылды ерітіндіде сутектік көрсеткішті (рН) біртіндеп көтергенде адсорбцияланған комплексті қосылыстардың тұндыру реттілігі келесідей: тантал, титан, ниобий, ванадий, темір (II), цирконий, торий, алюминий, уран (VI), марганец (IV). Осыдан тантал, титан, ниобий рН<5 болғанда толық тұнбаға түседі және рН>7 болғанда қалған элементтерден толық бөлінуі мүмкін.

- әлсіз тұз қышқылды ерітіндіде тұнбаға түсу реттілігі келесідей: қалайы (II), цирконий, титан, торий, ванадий, алюминий, уран, марганец. Тантал, ниобий бұл қатарға кірмейді, себебі егер қышқыл ерітіндіде басқ тұрақты комплекс түзілмесе олар ерітіндіні қышқылдатқанда таннинсыз да тұнбаға түседі.Егер тұз қышқылының концентрациясы қалайы үшін 0,1 н жоғары, цирконий үшін 0,1 н төмен және титан үшін 0,02 н төмен болса, қалайы (II), цирконий және титан ерітіндіден таннинмен толық тұндырылады.

- шарап қышқылды бейтарап ерітіндіден таннин танталды, ванадийді, темірді (III), алюминийді, уранды (VI), торийді тұндырады. Лантаноидтар, бериллий, марганец (IV) және басқа да екі валентті иондарды аммиактың артық,мөлшерінде толық тұндырады.


- күкірт қышқылды ерітіндіден таннин танталды, ниобийды, вольфрамды, германийді тұндырады. Титан мен цирконий күкірт қышқылды ерітіндіде комплексті қосылыс түзеді, ол гидролизге қиындау түседі, сондықтан таннинмен тұнбаға түспейді.

1.1.2 Тантал мен ниобийдің концентраттарын өңдеу тәсілдері


Танталит пен колумбит минералдарының химиялық құрамы өте күрделі болғандықтан олар барлық минералдық қышқылдарда ерімейді, тек фторсутек қышқылында ғана ериді [2]. Соған байланысты бұл минералдардың концентраттарын натрий мен калийдің сілтілерінде немесе фторсутек қышқылында да өңдеуге болады.

1.1.2.1 Танталит пен колумбит концентраттарын натрий сілтісінде өңдеу



Тантал мен ниобийдің концентраттарын натрийдің сілтісінде [NaOH] балқыту тәсілі 1950 жылға дейін біздің елде де, шет елдерде де қолданылып келді. Процестің негізгі химиялық реакциялары:



немесе оттегі қатысқанда:




Балқытуды 750-800 °C-та жүргізіп, сілтіні концентратқа қарағанда 3 есе артық береді. Бұл дегеніміз күйдіргіш натрийді теориялық есепке қарағанда 6-8 рет артық жұмсау. Балқытылған қоспаны суда еріткенде




политанталаттар мен полиниобаттар түзіледі. Олар суда ерімейді, сондықтан қалдықта қалады, ал басқа металдардың (Na_2SiO_3 ; Na_2WO_4 ; Na_2SnO_3) қоспалары еріп суға өтеді. Содан соң тантал мен ниобийді бар қалдықты тұз қышқылында ерітіп темір мен марганецті ерітіндіге өткізеді де, қалдықты кептіріп және құрғатып тантал мен ниобидің оксидтерінің қоспасын өндіреді. Бұл технологияның схемасы 1.1 суретте көрсетілген. Ал егер концентратты калий сілтісінде өндегенде, онда керісінше, барлық металдар ерітіндіге өтеді, содан соң тантал мен ниобийді бөліп алу үшін, оған натрий хлоридін қосып тантал мен ниобийдің полиқосылыстарын тұнбаға отырғызып бөледі.

Бұл технологияның кемшілігіне тантал мен ниобийдің өнімділігінің

аздығы 80 %-тен аспайды. Себебі металдардың мынадай метатұздары [KTaO₃, KNbO₃] пайда болады, олар суда ерімей темірмен, марганецпен бірге қалып қояды. Сонымен бірге сілтінің мөлшері өте көп артық жұмсалады және тигілдер тез жұмыстан шығады. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін қазіргі кезде металдардың концентраттарын автоклавта сілтінің ерітіндісінде еріту әдістері қолданылмақшы. Көптеген зерттеудің нәтижесінде концентратты 45%-тік сілтінің ерітіндісінде [NaOH немесе KOH] автоклавта 150°C-та қыздырғанда, қышқылда ерітін полиниобат пен политанталат түзіледі.





1.1 Сурет –Танталит пен колумбит концентраттарын күйдіргіш натрийда өңдеу



Ал, егер сілтінің концентрациясын 30 %-ке дейін кемітіп, автоклавтың температурасын 200°C-қа көтеріп, концентратты өндегенде тез уақыттың аралығында (2÷3 сағат) металдардың метатүздары түзіледі $\text{Na}_8\text{Ta}_6\text{O}_{19} \cdot n\text{H}_2\text{O} = 6\text{NaTaO}_3 + 2\text{NaOH} + (n-1)\text{H}_2\text{O}$. Олар тұз қышқылында ерімейді. Сондықтан метатүздарды қышқылда өндегенде барлық қоспалар ерітіндіге өтеді де, қалдықтан бөлініп алынған соң сілтілік ерітіндіге қайтадан процеске оралады. Металдардың метатүздарын 10-15 %-тік фторсутек қышқылында еріткенде комплексті ($\text{H}_2(\text{Ta}, \text{Nb})\text{F}_7$) қышқылдар түзіледі. Бұл технологияның артықшылығына қымбат тұратын реагенттердің (сілтінің және HF-дің (0,5 кг NaOH 1 кг концентратқа) кем жұмсалуды жатады.

1.1.2.2 Танталит пен колумбит концентраттарын фторсутек қышқылында еріту

Танталит пен колумбит концентраттарын өте майда етіп ұсақтап, сонан соң оны 80 °C-қа қыздырылған фторсутек қышқылының ерітіндісінде еріткенде, металдардың фтор комплексті қышқылдары түзіледі.



Негізгі металдармен қатар, ерітіндіге басқа да металдардың қосылыстары $\text{H}_2[\text{SnF}_6]$; $\text{H}_2[\text{TiF}_6]$; $\text{H}_2[\text{SiF}_4]$; $\text{H}_2[\text{WF}_8]$ өтеді. Сондықтан ерітіндінің құрамы өте күрделі болғандықтан бұл әдіс көпке дейін өнеркәсіпте қолданылмай келді. 1950 жылдардан кейін көптеген жаңа технологиялар пайда болды. Соның ішінде қазіргі уақытта экстракциялық тәсілмен ерітіндіден тантал мен ниобийді бөліп алу, (келешегі зор) перспективті технологияға жатады. Себебі оның технологиясы өте қысқа жолмен алынады және экономикасы жағынан басқа схемаларға қарағанда өте тиімді. Концентратты фторсутек қышқылында еріту процесін — сырты темірден, ал ішкі жағы қышқылға төзімді қорғасын қабатынан немесе графиттен жасалған кірпішпен қаланған аппаратта жүргізеді. Ерітіндіні араластыратын бұлғауышты мыс пен никельдің қоспасынан жасайды. Ерітуге қолданылатын фторсутек қышқылының мөлшері шамамен 1 тонна концентратқа 2÷2,5 тонна жұмсалады.

Концентратты толық ерітіндіге өткізу үшін, кейде фторсутек қышқылымен күкірт қышқылының қоспасын қолданады [4]. Ерітіндіге өткен тантал мен ниобийдің қосылыстарын, басқа металдардың қоспаларынан экстракция арқылы іріктеп (талғап) бөліп алады. Еріту кезінде фторсутек қышқылының буы ұшады, сондықтан бұл процесс жабық аппаратта өткізіледі.

1.1.2.3 Лопарит концентратын күкірт қышқылында өңдеу






Лопарит пен пирохлордың минералдары танталит пен колумбитке карағанда тез өңделінеді, бірақ химиялық құрамы өте күрделі болып келеді [5]. Себебі онда тантал мен ниобийден басқа титан, лантан және басқа элементтер кездеседі. Соған байланысты, лопаритті күкірт қышқылымен фторсутек қышқылының қоспасында [H₂SO₄; HF] немесе хлормен өңдейді.

Лопаритті хлормен өңдеуді бірінші рет 1936-1940 жылдары жүргізген, содан соң соғыс жылдарынан кейін Гиредметтің қызметкерлері одан әрі дамытып өнеркәсіпке енгізген.

Бұл технологияның мәні мынада. Кокспен араласқан лопарит концентратын 750-850 °С қыздырып, оған хлорды жібергенде, концентраттың құрамындағы металдардың хлоридтері пайда болып, олар буланып ұша бастайды. Әр металдың хлоридтерінің буланып ұшу температурасы әр түрлі, соған байланысты металдар топ-топқа бөлінеді. Төменде 1.2-кестеде металдардың хлоридтерінің балқу мен қайнау температуралары көрсетілген.

Төменгі температурада қайнайтын кремнийдің, титанның танталдың және ниобийдің хлоридтері газбен қосылып ұшады да, арнайы аппараттарда ұсталынады.


Мысалы, кремний мен титанның хлоридтері сұйық күйінде, тантал мен ниобийдің хлоридтары шаң түрінде, ал жоғарғы температурада қайнайтын натрийдің кальцийдің және сирек кездесетін жер металдарының хлоридтері балқып хлораторда жиналады. Лопарит концентратын хлормен әрекеттестіру реакциялары мынадай теңдеулер бойынша жүреді.



Бөлініп шыққан газ CO₂ көміртегімен әрекеттеседі:



Сонымен қатар мынадай реакциялар да жүруі мүмкін:



Сондықтан көміртегінің рөлі тек оттегін қосып алу ғана емес, сонымен қатар процесті қарқынды жүргізеді. Лопарит концентраттын хлормен әрекеттестірудің екі тәсілі бар.

Брикеттелген шихтаны хлорлау. Лопарит концентратын ұнтақтап оған керекті мөлшерде 20-30 % мұнайлы коксты қосып брикет жасайды. Содан соң брикеттің мықты болуы және ондағы органикалық заттардың ұшуы үшін, оны ауасыз 800-850 °С қыздырып, кокстейді. Осы процесте мұнайлы немесе тас көмірлі (шайырлар) пектер коксқа айналады. Брикеттерді хлорлауға шахталы электрпеш қолданылады. Оның ішкі диаметрі 4,5-6 м және биіктігі 8 м болады. Ішкі жағынан шамот немесе динаспен қаланады. Хлораторды төменгі жағынан көмірден (графиттен) жасалған екі электрод арқылы ток жіберіп қыздырады.


Шахтылы хлоратор бактан хлор жүретін түтік арқылы хлораторға беріледі [6]. Жоғарыдағы айтылған ұшатын хлоридтер (NbOCl_3 ; TaCl_5 ; AlCl_3 ; FeCl_3 ; SiCl_4) түтік арқылы пештен шығып конденсация системасына жіберіледі. Балқытылған (LaCl_3 ; NaCl ; CaCl_2) хлоридтер пештің түбіне жиналады да, керек уақытында сыртқа шығарылады. Бұл тәсілдің кемшіліктеріне брикеттерді дайындау, сонан соң оны 850 °С қыздыру (коксование) жатады.

Балқытылған тұздарда хлорлау. Жоғарыдағы айтылған кемшілікті болдырмау үшін кейінгі кезде лопаритті балқытылған тұздарда хлорлайды. Ол 2-суретте көрсетілген өте майдаланылған концентратты кокспен араластырады да, жоғарғы температурада қайнайтын тұздардың хлоридтеріне (LaCl_3 -55,2 %; CaCl_2 -20,3 %; NaCl -15 %) салып оған хлорды жібереді. Сондықтан бұл процесс үздіксіз жүреді және жақсы араласып тұрады. Хлорлау процесі кезінде шахтадан жасалған хлоратордың 3-3,5 м биіктігінен балқытылған сирек жер элементінің хлоридтері ағып, екінші бір қосымша ыдысқа жиналады.

Оны одан керек уақытта белгі алып сол металдарды алуға жібереді. Төменгі температурада қайнайтын хлоридтер хлоратордан ұшып шығып конденсацияға жіберіледі. Хлорлауды 950-1000 °С жүргізеді, онда 5-6 % дейін көміртегі және балқытылған хлоридте 1,5 % концентрат болуға тиіс. Хлоратордың меншікті өнімділігі тәулігіне 5-5,5 т/м³.

Хлоратордан газ бен будан тұратын металдардың хлоридтері (NbOCl_3 ; NbCl_5 ; TaCl_5 ; TiCl_4 ; SiCl_4 ; Al_2Cl_3 ; FeCl_3) 750-800 °С ұшып шығады. Оның ішінде шаңнан тұратын хлоридтер (NbOCl_3 ; TaCl_5 ; AlCl_3 ; FeCl_3) 240-140 °С шаң ұстайтын камераларда, ал сұйық хлоридтерді [TiCl_4 ; SiCl_4] арнайы салқынданған титанның хлоридімен суландыратын конденсаторларда ұстап алады. Кейінгі кезде алюминий хлориді мен темірдің хлоридін шаңды [NbOCl_3 ; TaCl_5] хлоридтерден тазарту үшін арнайы балқытылған тұзды сүзгі


қолданылады. Бұл тәсілдің мәні, ол балқытылған NaCl мен KCl-дың тұздарында темір мен алюминийдің мынадай қосылыстарын NaAlCl₄; NaFeCl₄; қоспалар түрінде 300-500 °С тұзда ұстап қалу.




- 1 – электрпештің сыртқы корпусы; 2 – хлор жіберетін фурма (түтік);
 3 – футерлеу; 4 – жарылысты мембрананың тесігі; 5 – қоректендіргіш бөлім;
 6 – қабылдағыш бункер; 7 – бу мен газды сыртқа шығаратын түтік;
 8 – түйіршіктелінген шихта; 9 – хлорный коллектор; 10 – графиттен жасалған цилиндрлер; 11 – балқыманы құйып алатын түтікше.

1.2 Сурет – Түйіршіктелінген шихтаны хлорлайтын шахталы электрпеш

Конденсацияланған хлоридтерді (NbOCl₃; NbCl₅; TaCl₅) сумен немесе хлормен өңдеп тантал мен ниобийдің оксидтерін өндіреді. Конденсатты 90-100 °С сумен өндегенде ерітніді түзіледі.



Конденсатты хлормен өндегендегі мақсат ол NbOCl₃-ті NbCl₅-ке өткізу, содан соң ректификация әдісімен тантал мен ниобийдің хлоридтерін бөлу. Сондықтан оны CCl₄-мен хлорлайды.



Бұның кемшілігіне 75-80% дейін ғана NbCl₅ түзілетіндігі жатады. Оны

толық өткізу үшін екінші рет хлорлау керек. Соған байланысты тағы мынадай тәсіл қолданылады. Оксихлоридін сұйық титанның хлоридінің пульпасында 115-130°C алюминий хлоридімен хлорлау.




Содан соң 137°C пульпадағы титанның (VI) хлоридін ұшырады да қалған қалдықтан 220-250°C, ниобийдің, танталдың және алюминийдің хлоридтерін буландырып, ұшырып қондырады [7]. Басқа хлоридтерден алюминийдің (III) хлоридін тұзды сүзгіден өткізу арқылы бөледі.

Осы қаралған технологиядан 93-94 % дейін ниобийдің, 86-88 % дейін танталдың (V) оксидтерін, 96-97 % дейін титанның (IV) хлоридін және 95-97 % дейін сирек жер элементтерін бөліп алуға болады.

Лопаритті күкірт қышқылында еріту. Лопарит концентратын күкірт қышқылында еріткенде титанның, танталдың, ниобийдің және сирек жер металдарының екі еселенген сульфаттары түледі. Екі еселенген сульфаттар сілтілік металдарда және аммонийдің ерітінділерінде әртүрлі ериді. Соған байланысты оларды бір-бірінен бөліп алуға болады. Концентратты ұсақтап, 92 % күкірт қышқылымен 150-180 °C қыздырып сульфаттайды. Бір тонна концентратты өңдеуге 2,8 тонна күкірт қышқылы жұмсалынады.

Реакцияға түсетін массаның бірігіп кетпеуі үшін орта есеппен 1 тонна концентратқа 600 кг аммонийдің сульфатын қосады.

Ерітуді теірден жасалған реакторларда өткізеді, реакция жылдам жүріп 20-30 минутта бітеді. Ерітудің соңында жартылай (кепкен) кебу қорытынды алынады. Оны 2-3 сағатқа дейін суытады.



Егер концентратта титан көп болса, онда ниобий мен танталдың қосылыстары соның екі еселенген сульфатымен бірге қоспа ретінде қалады. Сульфатизациядан өткен массаны сумен шайғанда сирек жер металдары екі



еселенген сульфат түрінде қалдықта қалады да, титан TiOSO_4 , тантал және ниобий $\text{Ta}_2\text{O}_3(\text{SO}_4)_2$; $\text{Nb}_2\text{O}_5(\text{SO}_4)_2$ осындай қосылыстары түрінде ерітіндіге өтеді. Күкірт қышқылды ерітіндіні қалдықтан сүзгі арқылы белгі алады. Ерітіндіден титанды бөліп алу үшін оған аммонийдің сульфатын қосады да титанды $(\text{NH}_4)_2 [\text{TiO}(\text{SO}_4)_2] \cdot \text{H}_2\text{O}$ тұнбаға шөктіріп бөледі.

Белгілеп алынған $(\text{NH}_4)_2[\text{TiO}(\text{SO}_4)_2] \cdot \text{H}_2\text{O}$ титанның екі еселенген сульфатын тері өнеркәсібінде бояу ретінде қолданады немесе оны 800-900 °C-қа қыздырып TiO_2 -ні бөліп алады. Күкірт қышқылы тәсілінің, хлорлау әдісіне

қарағандағы кемшілігі, ол титанның өнімінің төмендегі (70 %). Өнімді арттыру үшін титанды тантал мен ниобийден экстракциямен бөліп алған соң, қалған ерітіндіден қосымша өндіреді.

1.1.3 Тантал мен ниобийді бір-бірінен бөліп алу тәсілдері

Жоғарыда айтылғандай тантал мен ниобийдің химиялық қасиеттері бір-біріне өте ұқсас, соған байланысты оларды бір-бірінен бөліп алу күрделі жұмыс [8]. Қазіргі кезде танталды ниобийден бөліп алу үшін мынадай әдістер қолданылады: металдардың фтор комплексі тұздарын бөлшектеп кристаллизациялау; органикалық ерітінділермен экстракциялау; иондары алмасатын смоламен сорбциялау; хлоридтерді ректификациялау (тазалау); ниобийдің хлоридін (пентаоксидін іріктеп, сұрыптап) бөліп алу.

1.2 Үлбі металлургиялық зауытының жұмысын сараптау

1.2.1 Өнеркәсіптің қысқаша сипаттамасы

«ҮМЗ» АҚ тантал өндірісі – әлемдегі ең ірі және ТМД аумағында тантал-ниобий құрамды шикізаттан дайын өнімге дейінгі толық өндірістік циклге ие жалғыз кәсіпорын.

«ҮМЗ» АҚ-ның тантал өндірісі тантал-ниобий шикізатының кез-келген түрін қайта өңдеудің икемді технологиясымен, оның ішінде берілген сапа параметрлерімен ерекшеленеді.

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ – атом электростанциясына арналған уран диоксидінен алынатын отын таблеткаларын және берилий, тантал және ниобий құрамды өнім өндіру бойынша әлемдік танымал көшбасшылардың бірі.

1.2.2 Шикізат базасы

Күйдіру бөлімшесінің шикізаты Зыряновск, Лениногорск, Жескент, Текели және басқа кеңорындарының концентраттары болып табылады.

Зауытқа түсетін концентраттар теміржол таразыларына өлшенеді және оларды сақтауға арналған қоймаларға тиеледі. Қойма ортасында, теміржол вагондарының келуіне арналған темір бетонды эстакадалар өтеді, эстакаданың екі жағында, контейнерлер немесе толып түсетін концентраттарды вагондардан шығарып, салатын терең отсектер бар. Концентраттың әрбір түрін сақтау үшін жеке отсекке бөледі. Бір оттекте әртүрлі концентраттардың араласуына жол берілмейді, себебі бұл кейіннен шикізатты өңдеу технологиясын қиындатады. Бұл ереженің сақталуы, зауытқа әлі белгісіз химиялық және минералының құрамымен түскен жаңа концентраттар үшін әсіресе маңызды.

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ тантал өндірісі ТМД аумағында жеке және әлемде тантал қосылған шикізатты қайта өңдеуден дайын өнім алуға дейін толық өндірістік циклі бар аса ірі кәсіпорындардың қатарына жатады. «ҮМЗ» АҚ тантал өндірісі тантал-ниобий шикізатының, оның ішінде күрделі өңделетін қандай да болса түрін қайта өңдейтін, белгілі сапа параметрмен өндірілетін өнімнің қолайлы технологиясымен ерекшеленеді. Кәсіпорынның тантал мен ниобий өндірісіндегі негізгі реагент, фторлы сутек қышқылын өндіруге қажетті өз флюорит рудасының шикізат базасы (Қаражал кен орны, Қазақстан) бар.

«ҮМЗ» АҚ жоғары білікті инженерлік-техникалық және ғылыми-зерттеу персоналы, жарты ғасырлық тантал өндірісі бойынша жұмыс тәжірибесі тапсырыс берушінің талаптарына сай жоғары сапалы өнім шығаруға мүмкіншілік жасайды.


Өндірісте қолданылатын технология тазалығы 99,97 пайыздық тантал өндіруге кепілдік береді. Тұтынушыға өнім белгілі мерзімде келіскен спецификация бойынша жеткізіледі.

Кәсіпорын мамандары, заманға сай металл рыногының талаптарын ескере отырып, тантал өндірісінің инвестициялық даму бағдарламасын әзірледі, және ол бес жыл ішінде осы мақсаттарға 20 млн. долл. игеруді көздеп отыр. Бағдарлама орындалса «ҮМЗ» АҚ тантал өндірісінің өнімдері сыртқы және ішкі рыноктарда оның қажеттілігін қамтамасыз етеді, және Қазақстанның экспорттық әлеуетін қатайтады. Бәсекелестік қабілеті бар, жоғары сыйымдылықты конденсаторлық тантал ұнтақтарының және заманға сай конденсаторлар сымдарының, құйма, илек, сым, ұнтақ, лигатура түріндегі ниобий өнімдерінің үнемді өндірісін ұйымдастыру көзделіп отыр.

Nb_2O_5 және K_2TaF_7 өндірісі үшін бастапқы шикізаттар – техникалық ниобийлі танталды гидрототығы лопарит концентратын қайта өндегенде өндіріледі. Кен гравитациялық байытылады және ұсақталады. Ұсақталған концентрат хлорлауға беріледі. Концентрат құрамында 8-9 % $(Nb+Ta)_2O_5$ (мына қатынаста $Nb_2O_5:Ta_2O_5 = 17:1$) 32-35% TiO_2 26-28 % $(Ce, La\dots)_2O_3$ және басқа да қоспалар.

Комбинатта қолданылатын хлорлау тәсілі шикізаттың негізгі бағалы құраушыларын: ниобий және тантал, титан және сирек жер металлдарын шығаруға септігін тигізеді. Хлоридтерді түзетін ұшпалылық айырмашылықтары концентраттың негізгі құраушыларын бөлуге мүмкіндік береді. Хлорлау үрдісінде салыстырмалы төмен қайнау нүктелері бар тантал, ниобий және титан хлоридтері газдармен бірге ұшып кетеді және кондецияға сәйкес құрылғыларда ұсталынады.

Сирек жер металлдарының натрий және кальцийдің жоғары қайнайтын хлоридтері хлоридтер балқымасы түрінде пеш қалдықтарында қалады.



1.3 Сурет – Хлорлау әдісі бойынша лопаритті концентраттың қайта өңдеудің сызбанұсқасы

Лопаритті концентратының хлорлауының принципті технологиялық сызбанұсқасы 1.3 суретте көрсетілген.

Гидрототықтың алынған қоспасы «техникалық танталды ниобий гидрототығы» НБГТ-1 немесе НБГТ-2 маркаға сәйкес.

Гидрототықтың болжама құрамы 1.1 кестеде көрсетілген.

1.1 Кесте – Техникалық ниобий гидрототығының құрамы, %

ΣЗК	Ta ₂ O ₅	SiO ₂	TiO ₂	Cl	Fe ₂ O ₃	Th	K	PЗЭ ₂ Cl ₃
80-90	1,5-8,0	0,3-1,0	0,2-0,4	3,0-6,5	1,0-3,0	0,1-0,5	1-4,0	0,5-1

1.2.3 Тантал-ниобийлі концентратты өңдеудің таңдалған технологиялық схемасын негіздеп баяндау

Сұйық экстракциялы Nb және Ta бөлінуімен Ниобийдің техникалық гидрототығын қайта өңдеудің технологиялық сызбанұсқасы 1.4 суретте көрсетілген.

НБГТ-1 немесе НБГТ-2 маркалы ниобийдің техникалық гидрототығы HF-қа ерімес бұрын қажетсіз реакцияларды болдырмас үшін сілтілі металлдардың тұздарынан және Cl-дан тазаруы қажет:



Алынған тұз – калий фтортанталаты – қиын ериді және гидрототықтың еру реакциясының соңында тұнбаға түседі және ерімейтін қалдықпен бірге жоғалады, ол өзінен кейін Ta тартып ала кетеді.


50-70 °C температурада Cl иондарынан тиімдірек тазарту үшін 5 %-тік ерітіндіге дейін H₂SO₄ қоса отырып ыстық суда тазартуды жүргізеді. Екі қайтара тазартудан кейін пульпаны сақтап қалады және декантация әдісі арқылы жоғарғы құйылысты құяды, яғни шөкпейтін гидрототықты бөлу үшін фильтр – пресстен өткізетін жуылған суды. K, Na және Cl иондарынан тазарту үшін фильтратты ионито-катионитті фильтрлерге жібереді және тазартудан кейін техникалық гидрототықты жуып тазарту операциясына қайтарады.

Экономикалық көзқарас бойынша цехтың жалпы сарнауының емес, ал жеке технологиялық үрдістер мен операцияларда және тұзы бар металлдар мен қышқылдардың төменгі санында пайда болған суларда ионитті тазартуы пайдалырақ. Осы жағдайда иониттер регенерациясында және құрамында түрлі химиялық өнімдер бар концентрлі ерітінділер өндірісінде қайта өңдеу мен қайта беруде аз қиыншылықтар тудырады. Өндіріс тәжірибесінде Nb және Ta өндірісінде тазарған сулар техникалық гидрототықтан тазарғаннан кейін тасталынады. Ұсынылған жобада тазартуы мен қолданылатын судың 97 % дейін айналымға қайтаруы болжалынады.


Берілген сызбанұсқада NH₄F ерітіндісін дайындау үшін экстракттан Ta реэкстракциясы үшін, Nb, Ta экстракттарын жуу үшін жуу ерітіндісін дайындауға фильтратты қолдану қарастырылған, ол HF және NH₄OH үлкен мөлшерін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қабылданған сызбанұсқа бойынша химиялық машина жасауда кеңінен шығарылатын едәуір қарапайым құрылғы қолданылады, тапшы қосымша материалдар болмайды, сонымен қатар дайын өнім өндірісіне энегетикалық шығындар да үлкен емес.

Таңдалған сызбанұсқа бойынша K₂TaF₇-ні мына химиялық реакция бойынша



тұздау эффоиті есебінен кристаллизация әдісі арқылы алынады. Реакция нәтижесінде аз еритін тұз алынады K_2TaF_7 .



1.4 Сурет – Ниобийдің техникалық гидрототығынан Ni_2O_5 және K_2TaF_7 алудың технологиялық сызбанұсқасы

2 Бас жоспар, көлік және жоба бойынша құрылыс шешімдері

2.1 Құрылыс ауданының қысқаша сипаттамасы

Өскемен қаласы Ертіс және Олбы өзендерінің түйіскен жерінде, Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Қаланы қоршап тұрған аймақ, тау жоталарымен қоршалған өзендік алқап болып келеді. Шығысынан 10-15 км қашықтыққа, ұзындығы теңіз деңгейінен 800м жетейін Қалбы жоталарының батыс тарамдарын өтеді. Батысында аймақ төмендейді және кең, қатты адырлы жері жазық болып келеді. Оңтүстік-батыс және оңтүстікке қарай аймақ, бірте-бірте көтеріле отырып, Қалбы жоталарының солтүстік тарамдарын басып өтеді. Аймақта мен батпақтар жоқ.

2.2 Құрылыс алаңын таңдау

АҚ «ҮМЗ» Өскемен қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Оңтүстік-батыстан, оңтүстіктен, шығыстан және солтүстік-батыстан оған сәйкесінше жұмыс істеп тұрған ЖШС «АЭС УК ТЭЦ», АҚ «ОСЗ» ВНИИцветмет, АҚ «Казцинк» ӨМК өнеркәсіптер іргелес. Бұл өнеркәсіптер бірігіп солтүстік өндірістік түйін түзеді. Алаң батысынан және солтүстігінен теміржол магистраліне шығады. Оңтүстік батыс бағытында қаланың аудандары ҮМЗ тасталындылар шеткі көздерінен 3000 м қашықтыққа, оңтүстік шығыс бағытында қашықтықта орналасқан. Өнеркәсіп жерінің рельефі тегіс болып келеді.

2.3 Жергілікті аймақтың, топырақтың және климат мәліметтерінің сипаттамасы

Құрылыс үшін климаттық аймақтандыру бойынша, СНИП 2.01.01.-82 „Құрылыстық климат және подпулкаға“ сәйкес қарастырылып отырған аудан 1В зонсына жатады .

Аудан климаты түрлі континенталді, қысы ұзақ әрі суық және жазы қысқа әрі ыстық. Тәулік ауа температурасының өзг ерісі ауқымды.

Орташа жылдың ауа температурасы +3 °С тең.

Ауаның минималды температурасы қаңтар айында байқалады , орташа мәні -16,2 °С . Абсолютті минимум - 0 °С.

